

## 1972-1980 жылдары туылған азаматтарды 1998 жылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімінің 1998 жылғы 10 сәуірдегі № 709 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 29 мамырда № 23 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстсан Республикасы Қарулы Күштеріне 1997 жылдың күзгі шақырылымы, бұл жұмысты ұйымдастыруды орын алған бірқатар елеулі кемшіліктерді айқындағы. Атап айтқанда, 1997 жылғы күзгі шақырылғандардың ішінен денсаулығына байланысты, дәрігерлердің тексеру қорытындысымен жарамды деп танылған 12 адам әскерден кері қайтарылған. Облыстық қалалық және аудандардың шақыру комиссияларының кейбір мүшелері өзінің негізгі міндептеріне жауапкершілікпен қарамай, бірнеше отырысқа қатыспаған. Осылардың бәрі шақырылымның сапасына кері өсерін тигізді.

Бұндай жағдайларды болдырмау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуіріндегі № 3995 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткөрген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1998 жылдың сәуір-маусымында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын сол сияқты Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңын орындау түрғысында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Аудандар мен Қызылорда қаласында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастырып түрде өткізу үшін, аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерінің шешімдерімен шақыру комиссиялары құрылсын және олардың жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдері:

- азаматтарды әскерге шақыру және әскерге шақырылғандарды жөнелту кезінде әскери комиссариаттарды осы жұмыстарды атқаруға сай жабдықталған шақыру пункттерімен қамтамасыз етсін, қажетті мөлшерде дәрігерлер, аяжандар, техникалық қызметкерлер мен қызмет көрсетушілер құрамын бөлсін;

- мерзімді әскери қызметке шақыруға орай әскерге шақырылған азаматтардың әскери комиссариаттарға ұйымдастырып түрде келуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын және :сы мақсаттар мен шақыру мерзіміндегі кезекшілік үшін қажетті көлік бөлсін;

- мерзімді әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты жағдайда шығарып салуды ұйымдастырын.

3. Аудандардағы және қалалардағы шақыру комиссияларына басшылық ету және олардың іс-қызметін бақылау үшін облыстық шақыру комиссиясы құрылсын //№ 1 қосымша/.

4. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы /В.Исмаханбетов/:

- шақырылғандарды дәрігерлік тексеруден өткізуді ұйымдастыру үшін облыстық шақыру пунктіне жоғары білікті маман дәрігерлер мен аяжандардың қажетті санын, сол сияқты аудандарға және Қызылорда қаласына жетіспейтін дәрігер-мамандарды бөлсін / № 2 қосымша/;

- аудандардағы және Қызылорда қаласындағы емдеу-профилактикалық мекемелерінде шақырылғандарды кезектен тыс қабылдауды ұйымдастырын, олардың әскери қызметке жарамдылығын анықтау үшін тереңдетілген дәрігерлік тексеру жүргізсін;

- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1995 жылғы № 61 бұйрығына сәйкес облыстық әскерге шақыру участасын дәрігерлік жабдықтармен, медициналық, шаруашылық мүліктерімен қамтамасыз етсін.

5. Облыстық ішкі істер басқармасы мен теміржол ішкі істер бөлімі /Т.Рахимов, Б.Есмаханов/ және олардың жергілікті жерлердегі органдары шақыру кезеңінде милиция наряды мен жылжымалы пункттерін бөлсін, тұрғындардың көп жиналған жерлерінде және әскерге шақырылғандарды тиеу мен тасымалдау кезінде, шығарып салушылар арасында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге шара көрсін, міндettі әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды іздестіру және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту жұмыстарын жүргізсін.

6. Азаматтардың хал актісін тіркеу жөніндегі облыстық бөлімі /В.Сейтова/ әскери міндettілер мен әскерге шақырылғандардың тегі мен аты-жөнінің және азаматтық хал актілеріне олардың туған жылдары мен туылған жерлерінің өзгергендері, сондай-ақ әскери міндettілер мен әскерге шақырылғандардың арасындағы қайтыс болғандары туралы мәліметтерді әскери комиссариаттарға 7 күн ішінде хабарласын.

7. Облыстық әділет басқармасы /Т.Нәбиев/ әскери қызметке шақырылғандардың қылмыстық ісі сотта қаралғандары және әскери міндettілер мән әскерге шақырылғандарға қатысты занды түрде күшіне енген сот үкімдері жөнінде 7 күн мерзім ішінде әскери комиссариаттарға хабарласын. Әскерге шақырылғандардың сотталғаны туралы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің қандай бабы және қай уақытта бас бостандығынан айырылғандығы көрсетілген үкімдерінің көшірмелерін немесе анықтамаларды тиісті әскери комиссариаттарға жіберсін.

8. Ишкі істер басқармасы /Т.Рахимов/ әскерге шақырылғандардың арасында анықтау мен алдын-ала тергеуде жүргендері туралы тиісті әскери комиссариаттарға уақытылы хабарлап тұрсын.

9. "Маршрут", "Қатынас" акционерлік қоғамдарының басшылары облыстық әскери комиссариатқа әскерге шақырылғанларды тасымалдау мен жөнелтуге, ал КРЭК" АҚ, "Жас талап" жүргізушілер өндірістік кооперативінің басшылары кезекшілікке қажетті көлік бөлу мәселесін қарасын /№ 3 қосымша/.

10. Қалалық электр желісі акционерлік қоғамы /Т. Арыстанов/ облыстық әскери комиссариатқа шақыру комиссиясының жүргізу кеенгінде электр жарығын үзбей беріп тұруды қамтамасыз етсін.

11. Шақыру комиссиясы мүшелерінің, дәрігерлер мен техникалық қызметкерлердің, сондай-ақ шақыру участкеріне бөлінген басқа да қызметшілердің, шақыруға байланысты атқарған кезінде жұмыс орны, қызметі және орташа айлық жалақысы сақталсын.

12. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары, облыстық шақыру комиссиясының төрағасы Н. Ерімбетовке жүктелсін.

Әкім

Б. Сапарбаев

Облыс әкімінің 1998 жылғы

10 сәуірдегі № 709 шешіміне

№1 ҚОСЫМША

## Облыстық шақыру комиссиясының құрамы

Комиссия төрағасы - Н.Ерімбетов облыс әкімінің орынбасары

Комиссия төрағасының орынбасары – 0.И.Петрошенков - облыстық әскери комиссар

### **КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРИ:**

Ғ.Алпысбаев - облыстық ішкі істер басқармасы бастығының I орынбасары

А.Ізтілеуов - облыстық бас терапевті

М.Қаниев - облыстық әскери-дәрігерлік комиссиясының төрағасы

Қ.Наурызбаев - облыс әкімі аппаратының әскери-жұмылдыру жұмысының сектор менгерушісі

### **КОМИССИЯ ХАТШЫСЫ:**

Т.Колоскова - облыстық арнаулы емдеу-профилактикалық мекемесінің аяжаны

Облыс әкімінің 1998 жылғы

10 сәуірдегі № 709 шешіміне

№ 2 ҚОСЫМША

## Облыстық шақыру пункті жаңындағы облыстық дәрігерлік комиссиясы

Дәрігерлік комиссияның төрағасы: - М.ҚАНИЕВ

Н. Әмитов - облыстық аурухананың хирургі

А.Сапаров - облыстық аурухананың травматологі

К. Жұбаниязова - облыстық аурухананың терапевті

А. Шамкенов - қалалық аурухананың кардиологі

О. Өмірзақов - облыстық аурухананың невропатологі  
А. Әбішов – облыстық жүйке аурулары ауруханасының психиатрі  
М. Аскарова – облыстық тері-венерологиялық диспансерінің тері аурулары жөніндегі дәрігері  
С. Байжігітов – қалалық балалар емханасының тіс дәрігері  
А. Исамберлин - облыстық аурухананың лор дәрігері  
Ж. Бодықов - облыстық аурухананың фтизиатрі  
О. Смаханов - Казлепрозорийдің лепр-дәрігері  
Т. Бөрібаев - облыстық көз аурулары емханасының дәрігері

Облыс әкімінің 1998 жылғы  
10 сәуірдегі №709 шешіміне  
№ 3 ҚОСЫМША

## **Облыстық шақыру пунктіне кезекшілікке автокөлік бөлетін үйымдардың ұсынылатын**

### **ТІЗІМІ**

| Рет саны | Үйымдардың аты                                  | Кезекшілік мерзімдері   | Ескертпе |
|----------|---|-------------------------|----------|
| 1.       | "КРЭК" АҚ                                       | 1998ж. 11.05. – 01.06.  |          |
| 2.       | "Жас талап" жүргізушілер өндірістік кооперативі | 1998 ж. 01.06. – 18.06. |          |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК